КОПИЯ/КӨШІРМЕ

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
# Ш Е Ш І М

2024 жылғы 27 қараша іс № 3514-24-00-2/5915 Қарағанды қаласы

Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында
судья Г.О.Тастанбаева
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарап:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ**:
«Нұра ауданы Әкімінің аппараты» мемлекеттік мекеме

**ЖАУАПКЕР**:
«Глобал Поставка» жауапкершілігі шектеулі серіктестік

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ**:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 21-1 тарауына сәйкес, аталған іс оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралуға жатады.

Сот ұйғарымымен жауапкерге құжаттар мен дәлелдемелерді қоса бере отырып, талап қоюға пікір (қарсылық) беруге ұсынылған болатын, бірақ бұл құқығын жүзеге асырмады.

АПК-нің 117-баптарына сәйкес, мемлекеттік баж жауапкерден өндіріліп алынады.

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

АПК-нің 267-4- бабын басшылыққа ала отырып, судья

**ШЕШТІ**:

«Нұра ауданы Әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің «Глобал Поставка» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қою - қанағаттандырылсын.

«Глобал Поставка» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Құжатқа қол қойылған: Тастанбаева Г. О., 27.11.2024

Заңды күшіне енген күні: 08.01.2025, судья Тастанбаева Г. О., 08.01.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

«Глобал Поставка» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекет баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Тастанбаева Г.О.

Құжатқа қол қойылған: Тастанбаева Г. О., 27.11.2024

Заңды күшіне енген күні: 08.01.2025, судья Тастанбаева Г. О., 08.01.2025

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
- Сот өндірісі -
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
- Судопроизводство -